



**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту
және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші
жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысы

ЗҚАИ-ның

ескертпесі!

Колданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі 196-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері осы қаулыдан туындастын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

A. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 16 қазандағы
№ қаулысымен
бекітілген

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне мыналар кіреді:

1. Уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жедел медициналық көмек.
2. Медициналық авиаация тартылатын жедел медициналық көмек:
 - 1) пациент орналасқан жердегі медициналық ұйымда медициналық бүйімдардың және (немесе) тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауына байланысты медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған кезде;
 - 2) медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлеріндегі мамандарды межелі жерге жеткізу қажет болған кезде;

3) пациент орналасқан жерде медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған және тиімсіз болған кезде науқасты медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлеріндегі медициналық ұйымдарға тасымалдау үшін;

4) кейіннен транспланттау үшін ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тіндерді (тіндердің бөліктерін) тиісті медициналық ұйымға тасымалдау үшін көрсетіледі.

3. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК), оның ішінде:

1) кең таралған ауруларды диагностикалау, емдеу және басқару;

2) халықтың нысаналы топтарын (балаларды, ересектерді) профилактикалық қарап-тексеру;

3) аурулар тәуекелінің мінез-құлықтық факторларын ерте анықтау мен мониторингтеу және анықталған тәуекел факторларын төмендету дағдыларына оқыту;

4) иммундау;

5) саламатты өмір салтын қалыптастыру және насиҳаттау;

6) үрпақты болу денсаулығын сақтау жөніндегі іс-шаралар;

7) жүкті әйелдерді бақылау және босанғаннан кейінгі кезеңде босанған әйелдерді бақылау;

8) инфекциялық аурулар ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар.

4. Уәкілетті орган айқындастын тәртіппен амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек:

1) АИТВ инфекциясының және туберкулездің профилактикасы мен диагностикасы;

2) жарақаттанған, уланған кезде немесе басқа да кезек күттірмейтін жағдайларда көрсетілетін қызметтер, оның ішінде міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесіндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар болып табылмайтын адамдар үшін елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына әкелетін аурулар кезінде және оларға күдік туындаған жағдайларда мобильді бригада көрсететін қызметтер;

3) уәкілетті орган айқындастын тізбе бойынша әлеуметтік мәні бар аурулар кезіндегі диагностика және емдеу;

4) уәкілетті орган айқындастын тізбе бойынша және тәртіппен динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулар кезіндегі диагностика мен емдеу.

5. Уәкілетті орган айқындастын тәртіппен стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек:

1) уәкілетті орган айқындастын тізбе бойынша әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде емдеу;

2) МӘМС жүйесіндегі қызметтерді тұтынушылар болып табылмайтын адамдар үшін елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына әкелетін аурулар кезінде және оларға құдік туындаған жағдайларда үйде көрсетілетін стационар қызметтері;

3) уәкілетті орган айқындастын тізбе бойынша және тәртіппен динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулар кезінде емдеу.

6. Стационарлық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек:

1) айналасындағыларға қауіп төндіретін инфекциялық немесе паразиттік аурулармен ауыратын науқастармен байланыста болған адамдарды, сондай-ақ бактерия тасымалдаушыларды, вирус тасымалдаушыларды және уәкілетті орган айқындастын тізбе бойынша айналасындағыларға қауіп төндіретін инфекциялық немесе паразиттік ауруға құдікті адамдарды оқшаулау кезінде;

2) инфекциялық, паразиттік ауруларды және уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша айналасындағыларға қауіп төндіретін ауруларды емдеу кезінде;

3) уәкілетті орган айқындаған тізбе бойынша МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар болып табылмайтын адамдар үшін шұғыл нысанда, оның ішінде тәулік бойы жұмыс істейтін стационардың қабылдау бөлімшесінде емдік-диагностикалық іс-шаралар жүргізу;

4) уәкілетті орган бекіткен аурулар тізбесі бойынша жоспарлы нысанда көрсетіледі.

7. Медициналық оқалту:

- 1) негізгі ауруды емдеу кезінде;
- 2) туберкулезбен ауыратындарға.

8. Уәкілетті орган айқындастын аурулар тізбесі бойынша паллиативтік медициналық көмек.

9. Стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде уәкілетті орган айқындастын қан, оның компоненттері және қан препараттары номенклатурасына сәйкес медициналық көрсетілімдер болған кезде қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету.

10. Амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде патологиялық-анатомиялық диагностика.

11. Қайтыс болғаннан кейінгі донорды ағзаларды (ағзаның бөліктерін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөліктерін) алуға дайындау, алу, консервациялау,

дайындау, сақтау, ағзаларды (ағзаның бөліктерін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөліктерін) тасымалдау.

12. Уәкілетті орган айқындайтын аурулар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту.

13. ТМККК шеңберінде дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, арнайы емдік өнімдермен, иммундық-биологиялық препараттармен:

1) денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларына сәйкес стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда жедел көмек, сондай-ақ мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек;

2) оларға қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулар тізбесіне сәйкес МСАК;

3) белгілі бір аурулары бар (күйдегі) Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган бекітетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне сәйкес амбулаториялық жағдайларда МСАК және мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде қамтамасыз ету іске асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2020 жылғы 16 қазандагы

№ 672 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейір шешімдерінің тізбесі

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 59, 529-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 1363 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 5, 66-құжат).

3. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 29 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 3, 23-құжат).

4. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 420 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2019 ж., № 21, 198-күжат).

5. "Міндепті әлеуметтік медициналық сақтандыруды пилоттық режимде байқаудан өткізудің кейбір мәселелері және "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 655 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2019 ж., № 36-37, 336-күжат).